

**Шығыс Қазақстан облысы Күршім ауданындағы аукцион арқылы өткізуге арналған жер учаскелері тұстамасындағы Қойшілік бұлағы мен оның салалары Қиынсу және Қаражал бұлақтарының су қорғау аймақтары мен су қорғау белдеулерін және оларды шаруашылыққа пайдалану режимін белгілеу туралы**

Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2020 жылғы 20 желтоқсандағы № 429 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 21 желтоқсанда № 7995 болып тіркелді

### **З Қ А И - н ы ң е с к е р т п е с і .**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 9 шілдедегі Су кодексінің 39, 116, 125, 145-1-баптарына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 27-бабы 1-тармағының 8-1) тармақшасына сәйкес, бекітілген жобалық құжаттама негізінде және су объектілерін тиісті санитарлық-гигиеналық және экологиялық талаптарға сәйкес күйде ұстау мақсатында, жер үсті суларының ластануын, қоқыстануын мен сарқылуын болғызбау, сондай-ақ өсімдіктер мен жануарлар дүниесін сақтау үшін, Шығыс Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

#### **1. Мыналар:**

1) осы қаулының қосымшасына сәйкес Шығыс Қазақстан облысы Күршім ауданындағы аукцион арқылы өткізуге арналған жер учаскелері тұстамасындағы Қойшілік бұлағы мен оның салалары Қиынсу және Қаражал бұлақтарының су қорғау аймақтары мен су қорғау белдеулері;

2) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес Шығыс Қазақстан облысы Күршім ауданындағы аукцион арқылы өткізуге арналған жер учаскелері тұстамасындағы Қойшілік бұлағы мен оның салалары Қиынсу және Қаражал бұлақтарының су қорғау аймақтары аумағында шаруашылыққа пайдаланудың арнайы режимі және су қорғау белдеулері аумағында шектеулі шаруашылық қызмет режимі белгіленсін.

2. Шығыс Қазақстан облысы табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы бекітілген жобалық құжаттаманы Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген құзыретіне сәйкес шаралар қабылдау үшін Күршім ауданының әкіміне және мемлекеттік жер кадастрында есепке алу және су қоры мен жер ресурстарының пайдаланылуына және қорғалуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру үшін арнайы уәкілетті мемлекеттік органдарға тапсырсын.

3. Облыстың табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесінің облыс аумағында таралатын мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялауға жіберілуін;

3) осы қаулының ресми жарияланғаннан кейін Шығыс Қазақстан облысы әкімінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің агроөнеркәсіптік кешен мәселелері жөніндегі орынбасарына жүктелсін.

5. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Шығыс Қазақстан облысы әкімі

Д. Ахметов

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Экология, геология және табиғи ресурстар

министрлігі Су ресурстары комитетінің

Су ресурстарын пайдалануды реттеу

және қорғау жөніндегі Ертіс бассейндік

инспекциясының басшысының міндетін атқарушы

М. Иманжанов

2020 жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_

Шығыс Қазақстан облысы  
әкімдігінің 2020 жылғы  
20 желтоқсандағы  
№ 429 қаулысына қосымша

**Шығыс Қазақстан облысы Күршім ауданындағы аукцион арқылы өткізуге арналған жер учаскелері тұстамасындағы Қойшілік бұлағы мен оның салалары Қиынсу және Қаражал бұлақтарының су қорғау аймақтары мен су қорғау белдеулері**

Су объектісі	Су қорғау аймақтары			Су қорғау белдеулері		
	Ұзындығы, км	Ауданы, га	Ені, м	Ұзындығы, км	Ауданы, га	Ені, м
1	2	3	4	5	6	7
Қойшілік бұлағы сол жағалау	1 5 , 6	1 187,9	5 00	2 5 , 6 8	1 8 1	7 5
оң жағалау	5,5	472,8	500	8,56	68,5	75
Қиынсу бұлағы сол жағалау	1 2 , 4	9 17, 8	5 00	2 0 , 5 4	1 6 3 , 6	7 5
оң жағалау	8	743,4	500	3,4	160,9	75

Қаражал бұлағы						
сол жағалау	1 3 , 4	8 5 2 , 4	5 0 0	2 2 , 0 3	1 6 8	7 5
оң жағалау	5,5	300	500	12,44	93,2	75

**Ескертпе:**

Су қорғау аймақтарымен су қорғау белдеулерінің шекаралары мен ені бекітілген жобалық құжаттаманың картографиялық материалында көрсетілген.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК